

**Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 9 қазандағы № 322 "Аудандық орталықтан алыс елді мекендердегі бастапқы медициналық-санитариялық, консультациялық диагностикалық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының дәріхана пункттері арқылы және фармацевтикалық білімі бар маман болмаған жағдайда жылжымалы дәріхана пункттері арқылы дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды өткізуді жүзеге асыру үшін медициналық білімі бар мамандарды аттестаттау" мемлекеттік көрсетілетін қызметінің регламентін бекіту туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 20 маусымдағы № 164 қаулысы.  
Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 1 шілдеде № 4135 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 15 желтоқсандағы № 816 "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі № 983 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" қаулысына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 9 қазандағы № 322 "Аудандық орталықтан алыс елді мекендердегі бастапқы медициналық-санитариялық, консультациялық диагностикалық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының дәріхана пункттері арқылы және фармацевтикалық білімі бар маман болмаған жағдайда жылжымалы дәріхана пункттері арқылы дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды өткізуді жүзеге асыру үшін медициналық білімі бар мамандарды аттестаттау" мемлекеттік көрсетілетін қызметінің регламентін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3402 болып тіркелген, 2015 жылғы 16 қарашада "Оңтүстік Қазақстан" газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. "Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялануына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберуді;

2) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Б.С.Жамаловқа жүктелсін.

*Облыс әкімінің  
міндетін атқарушы  
Ә.Е.Тұрғымбеков  
Ж.Қ.Бөкенбаев  
Б.С.Жамалов  
Е.Ә.Садыр  
Ұ.Сәдібеков  
А.С.Сәбитов  
К.Н.Мендебаев*

*Д.А.Сатыбалды*